

Қызылбұлақ селолық округі әкімінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 12 "Қызылбұлақ селолық округі құрамындағы бөліктеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қызылбұлақ ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 03 қарашадағы № 12 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 қарашада № 4071 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, Қызылбұлақ ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылбұлақ селолық округі әкімінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 12 «Қызылбұлақ селолық округі құрамындағы бөліктеріне атау беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-131 тіркелген, 2011 жылғы 8 желтоқсанда "Жем-Сағыз" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тілдегі атауында және бүкіл мәтіні бойынша «селолық» сөздері тиісінше «ауылдық» сөзімен ауыстырылсын, шешімнің орыс тіліндегі мәтінінде өзгермейді.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі	Ф.Казиева
----------------------	-----------